

Қалалық мәслихаттың 2017 жылғы 20 желтоқсандағы №12/140 "2018-2020 жылдарға арналған Өмірзақ ауылының бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Маңғыстау облысы Ақтау қалалық мәслихатының 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 21/235 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 29 желтоқсанда № 3770 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Ақтау қалалық мәслихатының 2018 жылғы 25 желтоқсандағы №21/226 "Қалалық мәслихаттың 2017 жылғы 15 желтоқсандағы №12/137 "2018-2020 жылдарға арналған Ақтау қаласының бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №3766 болып тіркелген) шешіміне сәйкес Ақтау қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫҚ:

1. Қалалық мәслихаттың 2017 жылғы 20 желтоқсандағы №12/140 "2018-2020 жылдарға арналған Өмірзақ ауылының бюджеті туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №3521 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 29 қаңтарда жарияланған) келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1 тармағы келесі мазмұндағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2018-2020 жылдарға арналған Өмірзақ ауылының бюджеті тиісінше 1 қосымшаға сәйкес, оның ішінде 2018 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

кірістер – 233 083 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер бойынша – 53 189 мың теңге;

салықтық емес түсімдер бойынша – 1603 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша – 0 мың теңге;

трансферттер түсімі бойынша – 178 291 мың теңге;

2) шығындар – 233 083 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 мың теңге, соның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге, соның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – 0 мың теңге;

б) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0 мың теңге, соның ішінде:

қарыздар түсімі – 0 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 0 мың теңге.";

3 тармақ келесі мазмұндағы жаңа редакцияда жазылсын:

"3. Ауыл бюджетінде қалалық бюджеттен субвенция ретінде трансферттер қарастырылғаны ескерілсін: 2018 жылы – 178 291 мың теңге, 2019 жылы – 101 663 мың теңге, 2020 жылы – 115 290 мың теңге."

2. "Ақтау қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі (аппарат басшысы Д. Телегенова) осы шешім Маңғыстау облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін, оның Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіnde және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ақтау қалалық мәслихатының экономика және бюджет мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (Б. Шапқан).

4. Осы шешім Маңғыстау облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2018 жылдың 1 қаңтарынан басталатын қатынастарға қатысты таралады.

Сессия төрайымы

Қалалық мәслихат хатшысы

Ж.Үмбетова

С. Зәкенов

Ақтау қалалық мәслихатының

2018 жылғы 27 желтоқсандағы

№21/235 шешіміне

1 қосымша

2018 жылға арналған Өмірзақ ауылының бюджеті

Санаты			Сомасы , мың теңге
	Сыныбы		
		Кіші сыныбы	
		Атауы	
		1. КІРІСТЕР	233 083
1		Салықтық түсімдер	53 189
	01	Табыс салығы	11 618
		2 Жеке табыс салығы	11 618
	04	Меншікке салынатын салықтар	41 571
		1 Мүлікке салынатын салықтар	396

		3	Жер салығы	3 901
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	37 274
2			Салықтық емес түсімдер	1 603
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	220
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	220
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	1 383
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	1 383
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	0
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	0
	02		Мемлекеттік материалдық резервтен тауарлар сату	0
		1	Мемлекеттік материалдық резервтен тауарлар сату	0
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	0
		1	Жерді сату	0
		2	Материалдық емес активтерді сату	0
4			Трансферттердің түсімдері	178 291
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	178 291
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	178 291
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			Сомасы , мың тенге
	Бағдарлама			
	Атауы			
			2. ШЫҒЫНДАР	233 083
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	37 242
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	37 242
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	32 442
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4 800
04			Білім беру	108 158
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	108 158
		004	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	108 158
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	0
		003	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	78 705
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	78 705
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	2 592
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	9 634
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	7 700

	014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	58 779
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	1 959
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 959
	006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	979
	028	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық іс-шараларды өткізу	980
13		Басқалар	7 019
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	7 019
	040	Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	7 019
		3. ТАЗА БЮДЖЕТТІК КРЕДИТТЕУ	0
		Бюджеттік кредиттер	0
		Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
		4. ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША САЛЬДО	0
		Қаржы активтерін сатып алу	0
		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
		5. БЮДЖЕТ ТАПШЫЛЫҒЫ (ПРОФИЦИТІ)	0
		6. БЮДЖЕТ ТАПШЫЛЫҒЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ (ПРОФИЦИТІН ПАЙДАЛАНУ)	0
		Қарыздар түсімдері	0
		Қарыздарды өтеу	0
		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0